

САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Биология
Мұғалім	Оспанова Айжан
Мектеп, сынып	Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, №68 мектеп-интернат-балабақшасы жалпы білім беру кешені, 8-сынып
Сабақ тақырыбы	Жүректің құрылысы мен қызметі



www.bilimland.kz

Сабақтың мақсаты:	оқушыларға жүрек, оның құрылысы мен қызметі жөнінде айта отырып, олардың айырмашылықтарын, бөлімдерін, атқаратын қызметтерін меңгерту.
Күтілетін нәтиже:	1. Жүректің құрылысы мен қызметін анықтай алады. 2. Жүрек жұмысына сипаттама бере алады. 3. Жүрек құрылысын, қызметін және реттелуін біледі.
Сабақтың түрі:	жаңа сабақ.
Сабақтың әдістері:	бірлескен топпен жұмыс, миға шабуыл, оқытудағы әңгімелесу, ойлан-жұптас-бөліс.
Сабақтың пәнаралық байланысы:	медицина, әдебиет.
Сабақтың көрнекілігі:	интерактивті тақта, слайд, таратпа материалдар, оқулық т.б.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- оқушылармен сәлемдесу;
- сынып оқушыларын түгелдеу;
- оқушылар назарын сабаққа аудару.

Психологиялық дайындық. «Жүректен жүрекке».

Бір-бірімізге күлімсіреп қарап, амандасайық. Демді терең ішке тартып, демді шығарайық. Біз байсалды, деніміз сау, қайырымды, мейірімді және ақжарқын балалармыз. Бір-бірімізге тек қана жақсы тілектер тілейік. (әр топ жүрекке тілек жазып береді)

Топқа бөлу. Түрлі түсті қағаз беріледі, оның артына 1, 2, 3 саны жазылып, оқушылар сан бойынша 3 топқа бөлінеді.

Топ аттарын болжау әдісі арқылы анықтау. Әр топқа топ аты туралы анықтама жазылған парақ таратылады. Оқушылар оқып, топ аттарын анықтайды.

1. Бұлар ядрсыз қан жасушалары. Оларда ерекше нәруыз гемоглабин болады. Негізгі қызметі – оттегі пен көмірқышқыл газын тасымалдау осы гемоглабин арқылы іске асырылады. Олардың тіршілік ұзақтығы шамамен 120 күн. (Эритроциттер)

2. Бұлар ядрсы бар белсенді қозғалатын қанның ақ жасушалары. Тіршілік ұзақтығы 2 – 4 күн. Негізгі қызметі – организмді ауру тудыратын бактериялардың, бөгде денелердің енуінен қорғау. (Лейкоциттер)

3. Бұлар қанның ең кішкентай, түссіз, ядросыз формалық элементтері. Негізгі қызметі – қанның ұюы және қан кетуді тоқтату процестеріне қатысады.

(Тромбоциттер)

1-топ: Эритроцит.

2-топ: Лейкоцит.

3-топ: Тромбоцит.

Топ басшыларын сайлау. Топ басшыларына бағалау парағын тарату.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Сұрақ-жауап доминосы.

Оқушыларға сұрақ-жауап жазылған үлестірме таратылады, бірінші оқушы қолындағы сұрақты оқиды, оның жауабы басқа оқушыда, ол жауапты, сосын сұрақты оқиды, осылай жалғаса береді. (әр оқушы өзінің жұбын табады, егер дұрыс шешілсе сабақ тақырыбы шығады)

1. Сұрақ: адамның қан тобының саны?

Жауап: 4.

2. Сұрақ: қанның түссіз жасушалары?

Жауап: лейкоциттер

3. Сұрақ: қанның мөлшері қанша?

Жауап: 4,5-5 л.

4. Сұрақ: фагоцитоз процесін ашқан ғалым?

Жауап: И.И. Мечников.

5. Сұрақ: Иммунитеттің неше түрі бар?

Жауап: 3 туа пайда болған, жүре пайда болған.

6. Сұрақ: Барлық топтарға қан бере алатын адам?

Жауап: әмбебап донор.

7. Сұрақ: қан ұйымайтын ауру?

Жауап: гемофилия.

8. Сұрақ: Қан плазмасындағы нәруыздарды ата.

Жауап: альбумин, глобулин, фибриноген.

«Біздің жүрегіміз» қызықты мәліметтер оқу.

«Жүрек» деп аталатын бұлшық ет әлемде махабаттың символы болып табылады. Гректер жүрек жанның арашасы деп ойласа, қытайлықтар бақыт жүректе деп сенген, ал египеттіктер эмоция мен интеллект жүректе туады деп санаған. Жақында америкалық ғалымдар достармен көп араласу жүректің саулығын сақтайтынын анықтады. Адамның араласатын ортасы кеңейген сайын, оның жүрек ауруымен ауру қаупі азаяды екен. Мамандардың есептеуінше вальс музыкасы адамның жүрек ырғағына сәйкес келеді. Жүректің біздің өмірімізде алатын орны тым ерекше болғаны соншалықты барлық елде «Жүрек күні» аталып өтіледі, ол 25 қыркүйек. Бұл күні адам өміріндегі ең басты мүшеге ерекше көңіл аударылады. Сонымен қатар шведтік ғалымдардың зерттеуінше хор айтылғанда хорға қатысушылардың жүрек ырғағы бір үйлесімдікте болатынын анықтады. (осы жерді шығару керек оқушыға беру керек)

«Жұмбақ ғалым» сөзі: «Жүрек -басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді», «Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар жүректен нәр алады» оқушылар қандай ғалымның сөзі және қай еңбегінде жазылғандығын айту керек.

«Қайырымды қала».

III. Жаңа сабақ мазмұны:

Зерттеу.

Оқулықпен жұмыс (Оқушыларға оқулықпен іздену үшін, тақырыпқа деген қызығушылығын ояту мақсатында тірек сөздер жазылады. Оқушылар бұл тапсырманы топпен орындайды. Тірек сөздердің мағынасын ашу үшін, ол туралы білімдерін жетілдіру мақсатында кітаппен жұмыс жасайды)

Тірек сөздер: (әр топтың алдына таратылады).

1-топ. Жүрек құрылысы:

- 250-300;

- жүрек қабы;

- 3;

- оң, сол жақ;

- O₂, CO₂;

- жүрекше, қарынша;

- қақпақшалар.

2-топ. Жүректің жұмысы:

- 3;


- 0,1;

- 0,3;
- 0,4;
- 70-75 рет;
- Жалпақ жасуша;
- Автоматия;
- 120-150 рет.


3-топ. Жүрек жұмысының реттелуі:

- Сопақша ми;
- Парасимпатикалық;
- Симпатикалық;
- Адреналин;
- Тироксин;
- Вазопрессин;
- К;
- Са.

Жүректің құрылысы туралы видео көру.



Мұғалімнің макет бойынша түсіндіруі.



Сабақты бекіту:

1. «Сызықтық диктант»

1. Жүрек қабырғасы 3 қабаттан тұрады +
2. Жүрек соғуы 2 кезеңнен тұрады –
3. Жүректің тынығу уақыты 0,3с -
4. Ересек адамда жүрек минутына 70-75 рет соғады +
5. Оң жақ жүрекше мен оң жақ қарыншаның арасында үшжақтаулы қақпақша +
6. Жүректегі жалпақ жасушалар қанның ұюына кедергі жасайды +
7. Жүректің сол жақ пен оң жақ бөлігі бір – бірімен байланыспайды +
8. Қарыншалардың жиырылу ұзақтығы 0,1 с –
9. Тироксин, адреналин гормондары жүрек жұмысын реттейді +
10. Са жүрек жұмысын баяулатады -


1. «Зерек оқушы».

Тапсырма: мәтіннен қатені тап.

Мәтін: Адамның жүрегі төрт қуысты екі жүрекше мен екі қарыншадан тұрады. Жүрекшелер мен қарыншалар ай тәрізді қақпақшалар арқылы өзара байланысады. Оң жақ жүрекше мен оң жақ жүрекшенің арасында қосжақтаулы қақпақша орналасқан.

2. «Жылдам және дұрыс».

Тапсырма: берілген суреттегі нөмірлерге дұрыс анықтама жазу, критерий бойынша бағалау.



2. ITest

Тестирование x BilimLand x Тестирование x BilimLand x Тестирование x

← → iTest +7 (727) 344 95 95 Төлық тест ату Қазақша

Басты | Тест туралы | Байланыс | Блог | Сахып алу | Бибыгуль Бетешова

Басты > Биология > VIII тарау. Қанайналым мүшелері. Жүректің құрылысы, жұмысы, реттелуі > Тестілеу

Биология

Биология

Сіздің жауаптарыңыз

1. Ағзада қанық ұздіксіз қантөнерлердің бойымен ағуы:

A) Эпикард ✓
 B) Қанайналым ✖
 C) Жастауы қалсақалар
 D) Қанайналым жүлесі
 E) Перикард

Келесі сұрақ

1 A B C D E 6 A B C D E
 2 A B C D E 7 A B C D E
 3 A B C D E 8 A B C D E
 4 A B C D E 9 A B C D E
 5 A B C D E 10 A B C D E


EN Английский (США) 1407
 25.02.2017

Тестирование x iTest x +7 (727) 344 95 95 x Топық тест өту x Қазақша

Басты | Тест туралы | Байланыс | Блог | Сатып алу | Библиотеканың

Басты > Биология > VIII тарау. Қанайналым мүшелері. Жүректің құрылысы, жұмысы, реттелуі > Тестілеу

Биология



Биология

Сіздің жауаптарыңыз

1	A B C D E	6	A B C D E
2	A B C D E	7	A B C D E
3	A B C D E	8	A B C D E
4	A B C D E	9	A B C D E
5	A B C D E	10	A B C D E

Пән: Биология, Бөлім: VIII тарау. Қанайналым мүшелері. Жүректің құрылысы, жұмысы, реттелуі

3. Жүректің сыртын дәнекер ұлпадан тұратын жұқа ... қаптап тұрады:

A Эпикард
B Қанайналым
C Жүрек
D Жақтаулы қақпақшалар
E Перикард

Алдағы сұрақ | Келесі сұрақ

1407 25.02.2017


Тест нәтижесін талқылау (қатемен жұмыс)

Тестирование x iTest x +7 (727) 344 95 95 x Топық тест өту x Қазақша

Басты | Тест туралы | Байланыс | Блог | Сатып алу | Библиотеканың

Басты > Биология > VIII тарау. Қанайналым мүшелері. Жүректің құрылысы, жұмысы, реттелуі > Тестілеу

Биология



Биология

Сіздің жауаптарыңыз

1	A B C D E	6	A B C D E
2	A B C D E	7	A B C D E
3	A B C D E	8	A B C D E
4	A B C D E	9	A B C D E
5	A B C D E	10	A B C D E

Пән: Биология, Бөлім: VIII тарау. Қанайналым мүшелері. Жүректің құрылысы, жұмысы, реттелуі

5. Жүректің жиырылу қызығым үдепеді:

A Искулин гормоны
B Гипофиз гормоны
C Адреналин гормоны
D Тироксин гормоны
E Паратормон

Алдағы сұрақ | Келесі сұрақ


1408 25.02.2017

Тестирование x iTest x +7 (727) 344 95 95 x Топық тест өту x Қазақша

Басты | Тест туралы | Байланыс | Блог | Сатып алу | Библиотеканың

Басты > Биология > VIII тарау. Қанайналым мүшелері. Жүректің құрылысы, жұмысы, реттелуі > Тестілеу

Биология



Биология

Сіздің жауаптарыңыз

1	A B C D E	6	A B C D E
2	A B C D E	7	A B C D E
3	A B C D E	8	A B C D E
4	A B C D E	9	A B C D E
5	A B C D E	10	A B C D E

Пән: Биология, Бөлім: VIII тарау. Қанайналым мүшелері. Жүректің құрылысы, жұмысы, реттелуі

6. Қаның қан айналым шеңберінен ағатынын аққан қалып?

A И.П.Павлов
B Э.Джаквер
C И.И.Мечников
D А.Везалий
E У.Лурей

Алдағы сұрақ | Келесі сұрақ

1408 25.02.2017

Рубрикатор	Критерий	Дескриптор	Ұпай саны
Жүректің негізгі бөлігі	Оң жақтағы бөлім	- Жарты ай тәрізді қақпақша белгіленбеген	0
		- Оң жақ жүрекше дұрыс белгіленген	1
		- үш жақтаулы қақпақша белгіленген	1
		- оң жақ қарынша белгіленген	1
Жүректің ұшы	Сол жақтағы бөлім	- Жарты ай тәрізді қақпақша белгіленбеген	0
		- Сол жақ жүрекше дұрыс белгіленген	1
		- Екі жақтаулы қақпақша белгіленген	1
		- Сол жақ қарынша белгіленген	1

«Жуан және жіңішке сұрақтар».

Тапсырма: әр топ бір жуан, бір жіңішке сұрақтан құрастыру.

Рефлексия: «Бон ағашы», «Жетістік ағашы».

Үй жұмысы: 33-тақырып мазмұндау, А,В,С деңгейлік сұрақтарға жауап беру.

Жауап парағы

Оқушы	Үй тапсырмасын сұрау Сұрақ-жауап доминосы 5 ұпай	Жаңа сабақ мазмұны: Зерттеу Оқулықпен жұмыс Постер қорғау 5 ұпай	Сабақты бекіту «Сызықтық диктант» 5 ұпай	«Зерек оқушы» 5 ұпай	«Жылдам және дұрыс» Itest бағасы Критериялды бағалау бойынша 6 ұпай	Қорытынды ұпай 26
-------	--	---	--	-----------------------------	--	----------------------

20-26 ұпай – 5

10-19 ұпай – 4

1-9 ұпай – 3